

**Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарында қаржы және материалдық ресурстардың пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз етуді тәртіпке келтіру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 наурыз N 311

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті 1994 жылы жүргізген тексерістер мен тексерулердің нәтижелері ақшалай қаражат пен материалдық ресурстарды пайдалануда заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, шаруашылық жүргізуші субъектілердің талан-таражға ұшырауы мен жолсыздықтарын, аукциондарда шетел валютасын міндетті түрде сатудан және салық төлемдері мен жалпы мемлекеттік арнаулы қорларға аударым жарналарын бюджетке төлеуден әдейі жалтаруын тыю жөнінде басқару органдары қолданатын шаралардың пәрменділігі төмен екендігін көрсетті.

Дайын өнім мен шикізатты республикадан тыс жерлерге әкетудің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттары бұзылуда, баспа-бас айырбас мәмілесі шаруашылыққа зиян келтіре отырып жүргізілуде және, әдетте, өндірістік мақсаттар үшін қажетті шикізаттың, материалдардың, жабдық пен босалқы бөлшектердің, т.б. орнына әсем жеңіл автомобильдерге, телерадио-аппаратураға, жиһазға, халық тұтынатын басқа да қымбат тауарларға айырбастауда, оларды кейіннен көбінесе шаруашылық жүргізуші құрылымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдары иемденіп кетуде.

Ақшалай қаражат, шетел валютасымен қоса қыруар мөлшерде талапайға ұшыратылуда, көбінесе шетелге қызмет бабындағы мақсатсыз іссапарларға, түрлі делегацияларды қабылдауға, жалпы халықтық тарихи және мәдени мәні жоқ мерейтойларды, мерекелер мен салтанаттарды өткізуге ысырап етілуде.

Мемлекеттің ақшалай қаражаты мен құндылықтары оларды алдын ала төлеу, несие (қарыз) беру, қайтарусыз көмек көрсету деген желеумен коммерциялық құрылымдарға табыстау жолымен де талапайға ұшыратылуда. Лауазымды адамдар жеке бастың пайдасына алу мақсатымен мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің заңда белгіленген тәртібін бұзуда.

Кассаларда ақшалай қаражатты сақтаудың белгіленген лимитінің қыруар сомаға асып түсуіне жол берілуде, мұның өзі жүргізіліп жатқан ақша-несие саясатына кері әсер етуде және ақшаның бақылаусыз жұмсалып, ұрлануына жағдай туып отыр.

Ауыл шаруашылық өнімін өндіретін, дайындайтын және ұқсататын кәсіпорындарда қыруар сомада зиян келтірген елеулі қаржы талан-таражы мен жолсыздықтары орасан

Мұнда астық, мал, ауыл шаруашылық машиналары, автокөлік құралдары, жанар-жағар материалдары, жүн, тері шикізаты құрылыс материалдары ұрланған, тегін таратылған, халық тұтынатын тауарларға (негізінен шетелдік жеңіл автомобильдерге, бейнерадиоаппаратураға, кеңсе жиһазына, тұрғын бөлмелік жиһаздарға және т.б.) айырбастау үшін республикадан тыс жерлерге әкетілген, сондай-ақ болмашы бағаға, көбінесе ақысы мүлдем төленбестен "жекешелендірілген" немесе басшылар мен лауазымды адамдар жеке бастың пайдасы үшін пайдаланған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бірқатар кәсіпорындарында пайдаға салынатын салықтан табыстың едәуір сомасын жасыру, бюджетке тиесілі салық төлемдері мен жалпы мемлекеттік қорларға міндетті аударым жарналарының сомасын кеміту жағдайлары да анықталды.

Өткен жылы республиканың Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті көптеген өнеркәсіп орындарында құрылыс кәсіпорындарында, мемлекеттік шағын кәсіпорындар мен коммерциялық құрылымдарда, банкілерде, бюджеттік мекемелер мен мемлекеттік қорларда да қыруар сомаға зиян келтірген елеулі жолсыздықтарды анықтады.

Көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар қаражатты ұқыпсыз пайдалануға және оны ірі мөлшердегі берешекті өтеудің орнына қымбат жеңіл автомобильдер сатып алуға, кеңселерді жиһаздауға, банкілер мен кәсіпорындардың депозиттік шоттары мен жарғы қорларына аударуға, сондай-ақ коммерциялық құрылымдар мен жеке кәсіпкерлерге қаржы көмегі мен өзгедей көмек көрсетуге жұмсауға жол беруі салдарынан өздері ғана төлем төлеуге қабілетсіз болып қоймай, сонымен бірге шаруашылық жүргізуші басқа субъектілерге де қаржы жөнінен елеулі қиындықтар туғызды.

Олар елеулі қаражатты кейіннен қайта сату үшін халық тұтынатын тауарлар сатып алуға жұмсады, мұндай қаражат көбінесе өз қызметкерлеріне және бөгде адамдарға төлеу мерзімі ұзақ уақытқа ұзартылып үлестірілген. Қаражат көп жағдайда қыруар мөлшерде, әсіресе, экспорттық операциялардан түскен ақша республикадан тыс жерлерде ашылған шоттарда жасырылғанына қарамастан, қаржы жоқ деген желеумен борышты әдейі өтемеу жағдайларына жол берген.

Сондай-ақ облыстардың (аудандардың), Алматы қаласының (аудандарының), Ленинск қаласының әкімдері жанынан құрылған бюджеттен тыс қорлар қаражаты да құқыққа қарсы шараларға қыруар мөлшерде жұмсалған.

Зейнетақы мен жәрдемақы, бюджет мекемелерінің қызметкерлеріне жалақы төлеуге, халықтың табысы аз топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуге қаражат жетпей жатқанда, кейбір министрліктер мен ведомстволар бюджеттен бөлінетін қаражаттың үнемді де мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етпейді, оны орындалу мерзімі көрінеу ұзартылған жеткізілімнің ақысын алдын-ала төлеу деген желеумен басқа мақсатқа жұмсау фактілеріне жол береді.

Қаржы тәртібінің бұзылуына, экономикадағы жолсыздықтарға, төлем балансының

тұрақсыздануына бірқатар жағдайда банкілердің заңдар бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындамауы себепші болып отыр. Коммерциялық банкілер өз қызметіндегі елеулі кемшіліктерден бұрынғысынша арыла алмай отыр. Тексерулер нәтижесінде орталықтандырылған кредит ресурстарын мақсатсыз пайдаланудың және оларды көрінеу төлем төлеуге қабілетсіз клиенттерге берудің, банкілер жүргізген төлемдерді клиенттердің кешіктіруінің, жарғы қорларының заңсыз құралуының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілерінің бұзылуының көптеген фактілерінің беті ашылды. Қыруар сомаға зиян келтірген басқа да жолсыздықтар орын алып отыр.

Жоғарыда аталған салалар мен қызмет аяларында келеңсіз жағдайдың орын алып отырғанына қарамастан, министрліктер, ведомстволар, сондай-ақ республиканың Ұлттық Банкі, жергілікті әкімдер, құқық қорғау органдары анықталған бұрмалаушылықтар мен жолсыздықтарға әрқашан да бірдей тиісті баға бермейді, көп реттерде кінәлілерді заңда көзделген жауапкершілікке тартпайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мәдениет министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Шығыс Қазақстан мен Қостанай облыстарының әкімдері, республиканың басқа да бірқатар ведомстволарының басшылары және жергілікті әкімдері қарамағындағы шаруашылықтардың бірінші басшылары мен басқа да лауазымды адамдарының тексерістер барысында анықталған елеулі жолсыздықтары туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің көптеген хаттарына тиісті дәрежеде назар аудармағаны былай тұрсын, тіпті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тексеріс материалдарын қарау және жасалған жолсыздықтар мен бұрмалаушылықтар үшін кінәлілерді жауапкершілікке тарту жөніндегі тапсырмаларын да тиісті дәрежеде орындамайды.

Заңдылықты бұзушыларға көрсетіліп отырған ымырашылдық жалпы жолсыздықтардың да, шаруашылықтарға қыруар зиян келтірген бірінші басшылар, бас бухгалтерлер мен басқа да лауазымды адамдар тарапынан жасалған жолсыздықтардың да саны көбейіп отырғандығының басты себептерінің бірі болып табылады.

Республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарында қаржы және материалдық ресурстардың пайдаланылуын тәртіпке келтіру және сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Министрлерге, комитеттердің төрағаларына, ведомстволардың және республиканың басқа да шаруашылық басқару органдарының басшыларына тиісті салалардағы қаржының жай-күйі үшін жеке жауапкершілік жүктелетін болып белгіленсін, оларға қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының есептерін және қаржы-экономикалық қызметтің жай-күйі үшін жауапкершілігін қарау құқығы берілсін.

Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік компаниялар, холдингтер, мемлекет республикалық деңгейде қатысатын акционерлік қоғамдар өзінің номенклатурасына

қарамағындағы құрылымдық бөлімшелердің Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Министрлер Кабинетінің номенклатурасына кірмейтін бірінші басшылар лауазымдарын, сондай-ақ осы кәсіпорындардың бас бухгалтері қызметін енгізсін, егер бұл кәсіпорындардың жарғыларына қайшы келмесе.<\*>

Ескерту. 1-ші тармақтың 2-абзацына толықтыру енгізілді -  
ҚРМК-нің 1995.11.20. N 1569 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, басқа да ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері 1994 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті органдары жүргізген тексерістер мен тексерулердің нәтижелерін карап, кінәлілерді қатаң жауапкершілікке тарту және келтірілген материалдық зиянның белгіленген тәртіппен толық қайтарылуы жөнінде шаралар қолдануға міндеттелсін.

Қолданылған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзімде хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, халық шаруашылығында есеп айырысуды жетілдіру жөнінде екі апта мерзімде ұсыныстар енгізсін, мұнда ақшасыз операциялардың (баспа-бас айырбастың) жүзеге асырылуын қысқартуға және алдын-ала төлеу деген желеумен жасырын кредит (көмек) беру практикасына тыйым салуға ерекше назар аударылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, тексерістер мен тексерулер барысында анықталған салық салудан жасырылған табыс, кемітілген салық төлемдері мен жалпы мемлекеттік арнаулы қорларға аударым жарналары сомасының бюджетке толық өндіріп алынуын қамтамасыз етсін.<\*>

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бюджет пен қорларға тиесілі сомаларды, сондай-ақ тәртіп бұзушыларға салынған қаржы санкциясын бірінші кезекте даусыз өндіріп алу жөнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті органдары шығарған өкімдердің орындалуын қамтамасыз ету туралы барлық банкілерге нұсқау беру ұсынылсын.

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ж.С.Кәрібжановқа, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г.Штойкке, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.В.Төтеневке өздері басқарып отырған салаларда мемлекеттік қаражат пен материалдық құндылықтарды пайдалануда

көптеген бұрмалаушылықтар мен жолсыздықтардың орын алып отырғаны ескертіліп, олардан қарамағындағы шаруашылықтарда тиісті тәртіпті жолға қою, келтірілген зиянның кінәлі адамдардың есебінен заңда белгіленген тәртіппен толық өндіріп алынуын қамтамасыз ету талап етілсін.

6. Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарының әкімдері, тиісінше Серебрянск қаласының әкімі - Л.Г.Королеваны, Орджоникидзе ауданының әкімі А.А.Арнольдті өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны және жіберген жолсыздықтарды үшін атқарып отырған қызметінен босату туралы мәселені қарау ұсынылсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етпегені, аса ірі мөлшердегі ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны және жеке басының жолсыздықтары үшін:

"Оңтүстік мұнайгаз" акционерлік қоғамының президенті Р.А.Қайнабаевты;

Орал қаласындағы "Керамика" акционерлік қоғамының президенті Ғ.Ғ.Оразалиевті атқарып отырған қызметтерінен босату жөнінде белгіленген тәртіппен шара қолдансын

8. Қаржы тәртібін елеулі түрде бұзғаны және басқа жолсыздықтары үшін Көкшетау облысындағы "Қазан" кеңшарының директоры И.Курьятаның, Солтүстік Қазақстан облысындағы XXIII партсъезд атындағы кеңшардың директоры Н.А.Петрушенконың, Шығыс Қазақстан облыстық агроөнеркәсіптехникасының Өскемен материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі өндірістік бірлестігінің (қазір "Кеңдала" мемлекеттік акционерлік компаниясы) директоры А.М.Огневтің, Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы "Энергоотделжилстрой" құрылыс басқармасының бастығы В.Д.Чеканьның, "Нұра астық қабылдау кәсіпорны" акционерлік қоғамының президенті С.И.Самсоновтың, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірқатар басшыларының атқарып отырған қызметтерінен босатылғаны ескерілсін. Тексеру материалдары бойынша олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды.

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарына табыс етілген тексеріс материалдарының уақтылы және сапалы қаралуын қамтамасыз етсін. Істердің қаралуын сөзбұйдаға салған не мүлікті талан-таражға салушылардың үстінен қозғалған қылмыстық істерді тоқтату туралы негізсіз шешім шығарған қызметкерлерді жауапкершілікке тартсын.

10. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының тексеріс материалдарының жылжуын және құқық қорғау органдарында олар жөнінде шешімдер қабылдау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейту ұсынылсын.

11. Тексерістер мен тексерулерді жүзеге асыруда қосарлану мен қайталауды болдырмау, республиканың бақылаушы органдары мен экономикалық институттары (қызметтері) жүргізетін талдамалы және бақылау-тексеру жұмысының сапасын арттыру сондай-ақ зерделенетін мәселелердің терең де жан-жақты пысықталуы мақсатында

республикалық деңгейде - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің басшылығымен, жергілікті деңгейде - оның облыстардағы, аудандардағы және қалалардағы аумақтық органдарының басшылығымен қаржы бақылауы жөніндегі үйлестіру кеңестері құрылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Қаржы бақылаудың үйлестіру кеңесі туралы ереженің, оның бақылаушы және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ экономикалық институттардың (қызметтердің) басшыларының ішінен есімдері аталған құрамының жобасын бір ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Облыс, аудан және қала деңгейіндегі қаржы бақылау жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамын осындай жергілікті органдар мен тиісті әкімдер қызметтерінің ішінен бекітеді.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі Ішкі істер министрлігімен және Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, тауар-материалдық құндылықтардың, валютаның және бағалы қағаздардың талан-таражға салынуынан, кем шығуынан, жоғалуынан немесе бүлінуінен келтірілген, заңды ұйымдар және жеке адамдардан өндіріп алынатын зиянды есептеудің қолданылып жүрген тәртібі нарықтық қатынастардың талаптарына сай келмейтінін, алға қойылған мақсатқа сәйкессіздігін ескеріп, аталған теріс әрекеттер үшін материалдық жауапкершіліктің еселенген мөлшерін көздейтін тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етуді жеделдетсін.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қаржы бақылауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, 1995 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

14. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті министрліктерде, ведомстволарда, кәсіпорындар мен ұйымдарда ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтардың дұрыс жұмсалуды және сақталуын бақылауды күшейтсін, бюджеттен бөлінген қаржының мақсатты және үнемді пайдаланылуына, ерекше назар аударсын. Лауазымды адамдар тарапынан жасалған жолсыздықтардың анықталған бірде-бір фактісі құқық қорғау органдарына берілмей және тиісті жауапкершілікке тарту шаралары қолданылмай қалмасын. Экономикалық қылмысқа қарсы күресте барынша табандылық пен ілкімділік танытсын.<\*>

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, банк және мемлекеттік қаржы қадағалауды күшейту шараларын әзірлесін, банкілердің қызметіне тексерістер мен тексерулер жүргізуді тәртіптейтін нормативтік негізді жетілдірсін.

Жүргізілетін тексерістер мен тексерулердің нәтижелері туралы Министрлер Кабинетіне ай сайын шұғыл мәліметтер табыс етіп тұрсын және тоқсан сайын кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Президентіне баяндап отырсын.

Ескерту. 14-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМҚ-нің  
1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының Басшысы осы қаулының орындалуына бақылау жасасын. Орындалмаған фактілер туралы Қазақстан Республикасының Премьер-министріне баяндап отырсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ